

Шет тілі әдістемесі

Игликова Айгерім Құмарқызы
"Берлі колледжі" МКҚК
оқытушысы

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде шетел тілін оқытуға ерекше мән берілуде.

Жалпы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде шет тілі пән ретінде, үлкен дамытушы, қозғаушы күш ретінде қарастырылып келеді, өйткені шет тілін білу әр түрлі салаларда қолдану сияқты үлкен мүмкіндіктерді ашып, адам өмірінде әлем тілі ретінде үлкен рөл атқаруда.

Ендігі “әдіс” сөзіне келер болсақ, жалпы мағынада әдіс ұғымы грек тілінен (зерттеу немесе таным жолы) мақсатқа жету тәсілі деген ұғымды білдіреді. Әдістеме іргелі категория бола тұрса да, оқу жүйесінің бір бөлшегі болып саналады. Және де әдістердің оқыту мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру шешімі екендігі барлығымызғы мәлім.

Бұл ұғым қазіргі кезде үш түрлі мағынада қолданылады:

Жалпы методологиялық, (яғни табиғат пен қоғам құбылыстарын зерттеу пәні ретінде)

Жалпы дидактикалық (оқытушы мен оқушының өзара байланысы, іс- қимыл жүйесі ретінде)

Жеке дидактикалық (оқытушының стратегиясын анықтайтын оқытудағы бағыт жүйесі)

Жеке дидактикалық әдістер жалпы дидактикалық әдістерге қарағанда ерекшеленеді.

Оқу пәні немесе пәндер атауының ерекшелігін бейнелейді.

Шет тілін оқыту әдістемесі тарихи түрде екі анықтамада қалыптасты.

Олар: 1. Әдіс оқыту бағыты ретінде (яғни терминнің кең мағынада қолданылуы)

2. Әдіс тәсіл ретінде (яғни терминнің тар мағынада қолданылуы)

Қортындылай келе, Бір ұғымның екінші анықтама беруін сәтті деп айтуға келмейді, өйткені бұл бір ұғымның екінші ұғыммен орын алмастыруына алып келуі мүмкін.

Бұл таудай орын алмауы үшін терминнің кең мағынада түсіндіруіне мән беру қажет деп ойлаймын.

Яғни оқыту әдісі - оқу мақсаттарын, міндеттерін және мазмұның жүзеге асыратын , пәндерді анықтайтын бағыт.